

## **Әйтеке би аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 170 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 наурызда № 27329 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би аудандық  
мәслихатының хатшысы

Е. Тансыкбаев

Әйтеке би аудандық  
мәслихаттың 2022 жылғы 29  
наурыздағы № 170 шешіміне  
қосымша

## **Әйтеке би аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Әйтеке би аудандық мәслихатының "Әйтеке би ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" 2018 жылғы 2 наурыздағы № 194 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-143 болып тіркелген).

2. Әйтеке би аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 194 "Әйтеке би ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 244 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-172 болып тіркелген).

3. Әйтеке би аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 194 "Әйтеке би ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 340 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6556 болып тіркелген).

